

## **«COVID-19 салдарынан орын алған дағдарысты еңсеру контексіндегі Қазақстан экономикасының даму келешегі» кейсі**

COVID-19 пандемиясы кезінде 2020 жылы Қазақстанда экономикалық белсенділіктің төмендеуі, жұмыссыздық пен кедейліктің артуы байқалды. ҚР Ұлттық Банкінің мәліметтеріне сәйкес 2020 жылы ЖІӨ өсімінің қарқыны 2,6 %-ды құрады, Ұлттық қор активтері 3,1 млрд. теңгеге азайды, негізгі капиталға салынған инвестициялар 4,7 %-ға қысқарды, инфляция 7,5%-ды құрады, ресми жұмыссыздық 5% деңгейінде сақталды, азық-түлік тауарларының бағасы 11,3 %-ға, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 5,5%-ға артты.

2020 жылдың 1 қыркүйегінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында пандемиядан кейінгі кезеңде стратегиялық мақсат – халықтың кірісі мен әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа экономикалық курс қажет екендігін атап өтті.

Халықаралық валюта қорының шолуында «мемлекеттік органдар терең қысқамерзімді рецессиямен күресуден басқа, кірістерді біркелкі бөлуді және тұрақты қарыз жағдайының сақталуын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттерді өнімділіктің анағұрлым жоғары қарқынды өсімінің траекториясына шығару үшін проблемаларды шешуі қажет» - делінген.

Қазақстан Үкіметі пандемияның экономикаға ықпалын азайту үшін бірқатар шаралар қабылдады. Мемлекеттің салық-бюджет, ақша-несие және әлеуметтік саясат саласындағы дағдарысқа қарсы шаралары 2020 жылдың үшінші тоқсанында экономикада жағымды өзгерістердің орын алуына септігін тигізді. Дағдарысқа қарсы қаржыландырудың жалпы көлемі 5,9 трлн теңгені құрады. Жалпы алғанда, 2020 жылдың қорытындысы бойынша экономиканың жалпы құлдырауына қарамастан, өнеркәсіп көлемі 9,4 %-ға артты, Ұлттық Банктің алтын-валюта активтері 25%-ға көбейді, базалық мөлшерлеме 9% жылдық көрсеткіш деңгейінде қалды, валюталық нарықта теңге нығайып, оның құбылмалылығы төмендеді. Экономиканы несиелендіру 5,5 %-ға артты. Экономиканың барлық салаларында цифрландырудың артуы байқалды, Интернетте бөлшек саудамен айналысатын сатушылардың веб-сайттары арқылы тауарлар мен қызметтерді онлайн сатып алудың көлемі артты, көптеген субъектілер қашықтан жұмыс істеу режиміне ауысты.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған болжамына сәйкес ЖІӨ өсімінің жылдық орташа қарқыны болжамды мерзім үшін 4%-ды құрайды. Номиналды ЖІӨ 2021 жылғы 76,7 трлн теңгеден 2025 жылы 104,8 трлн теңгеге ұлғаяды. 2021 жылы вакцинациялаудың басталуына (2021 ж. соңына дейін 6 млн-ға дейін қазақстандықты вакцинациялау жоспарлануда), экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне, мұнай бағасының өсуіне және оны өндіру көлемінің артуына байланысты ЖІӨ өсімінің қарқыны 2,8%-ды құрайды деп күтілуде.

Brent мұнайына болжамды әлемдік баға 1 баррель үшін 35 АҚШ долларын құрап тұрғанда 2021-2023 жылдары шоғырландырылған бюджет тапшылығының 2021 жылы ЖІӨ-ге қатынасында 4,7%-дан 2023 жылы ЖІӨ-ге қатынасында 1,4%-ға дейін азаюы күтілуде, бұл бюджеттік шоғырландырудың оң динамикасы мен мемлекеттік қаржы тұрақтылығының нығаюын білдіреді.

Болжам бойынша мемлекеттік бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы (шикі мұнайға әкету кедендік бажын есепке алмағанда) 2021 жылы ЖІӨ-ге қатынасында 9,1%-дан 2023 жылы ЖІӨ-ге қатынасында 5,5%-ға төмендейді. Шикізаттық емес тауарлар экспорты ұлғаяды деп болжануда, бұл экспорттың 2025 жылға қарай кезең-кезеңімен 50 млрд. АҚШ долларынан астам деңгейге дейін артуына әкеледі.

2021 жылға арналған болжамдардың жағымды болуы вакцина салуды өрістету, бейімді монетарлық және фискалды саясат экономикалық белсенділіктің қалыпқа келуінің жалғасуына сеп болады деген пікірді танытады.

**Тапсырма.** Сіздің пікіріңізше, дағдарыстан кейінгі кезеңде экономикалық белсенділікке және Қазақстанның экономикалық өсімінің жоспарланған қарқынына жету үшін қандай шаралар қабылдау қажет?

Жауаптарыңызды негіздеңіз, алайда өзіңізді ұсынылған ақпаратпен шектемеңіз. Мұнда сіз өз біліміңіз бен практикалық тәжірибеңізге сүйене аласыз.